ШЕШІМ
Қазақстан Республикасының атынан

2024 жылғы 13 тамыз № 5501-24-00-2/2247 іс Павлодар қаласы

Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.С.Тюлембекова, оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарап:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Павлодар облысының білім беру басқармасы Павлодар қаласының білім беру бөлімі «Павлодар қаласының №26 жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Шолпан Боранхановна Молхарова «Арсен» жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:

1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІМІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Павлодар облысының білім беру басқармасы Павлодар қаласының білім беру бөлімі «Павлодар қаласының №26 жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Шолпан Боранхановна Молхарова «Арсен» жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыппұлды өндіру туралы талап қоюы ішінара қанағаттандырылсын.

Шолпан Боранхановна Молхарова «Арсен» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Шолпан Боранхановна Молхарова «Арсен» жеке кәсіпкерінен мемлекеттін пайдасына 28 800 (жиырма сегіз мың сегіз жүз) теңге

тұрақсыздық айыбы және 2 710 (екі мың жеті жүз он) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Павлодар облысының білім беру басқармасы Павлодар қаласының білім беру бөлімі «Павлодар қаласының №26 жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Шолпан Боранхановна Молхарова «Арсен» жеке кәсіпкеріне 6000 (алты мың) теңге тұрақсыздық айыппұлды өндіру туралы талабы қанағаттандырудан бас тартылсын.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **А.Төлембекова**

Құжатқа қол қойылған: Тюлембекова А. С., 13.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 24.09.2024, судья Тюлембекова А. С., 25.09.2024

5501-24-3-1/2440